

барлық өкілеттіктер тиісінше уақытша не банкроттықты немесе оңалтуды басқарушыға өтеді.».

4. Жарғының 5-бөлімінің 28, 29, 30, 31-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«28. Кәсіпорын мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру оқу бағдарламаларын іске асырады.

29. Кәсіпорнында мамандарды даярлаудың әр түрлі мерзімдері мен деңгейлері бойынша техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламалары іске асырылады.

30. Кәсіпорын қолданыстағы техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру мамандықтарының сыныптаушы мамандықтары бойынша білім беру қызметін жүргізуге құқық беретін бар лицензияларға сәйкес мамандарды даярлайды.

31. Кәсіпорын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары, жоғары оқу орнынан кейінгі және қосымша білім беру бағдарламаларын үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Кәсіпорын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқу процесін қамтамасыз етуді Кәсіпорын ақылы қызметтер көрсетуден алатын кірістер есебімен жүзеге асырады.».

5. Жарғының 4-1-бөлімінің 27-2, 27-3, 27-4 тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«27-2. Байқау кеңестері құрылатын шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарға қойылатын критерийлерді мемлекеттік жоспарлау жөніндегі уәкілетті орган бекітеді.

27-3. Байқау кеңесін құру қағидалары, байқау кеңестеріне сайланатын тұлғаларға қойылатын талаптар, сондай-ақ байқау кеңесінің мүшелеріп конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидалары «Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындарда байқау кеңесін құру қағидаларын, байқау кеңесінің құрамына сайланатын адамдарға қойылатын талаптарды, сондай-ақ Байқау кеңесінің мүшелеріп конкурстық іріктеу және олардың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 113 бұйрығымен регламенттеледі.

27-4. Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидалары «Байқау кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау және байқау кеңесінің мүшелеріне сыйақы төлеу лимитін айқындау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 115 бұйрығымен регламенттеледі.».

6. Жарғының 10-бөлімінде:

70-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

*А.А.*

